



Газет 2014 жылы
Қарағанды облысы әкімінің
«Тіл жанашыры» сыйлығының
лауреаты атанды

Арқа Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №26(160) 14 шілде 2016 жыл




2▶
**ӘСКЕР МІНДЕТ
ПЕ, БИЛЕТ ПЕ?**



4▶
**ТЕЛЕФОН-
ТЕРРОРИСТ КІМ?**



7▶
РЕЖИССЕРДІҢ РЕНІШІ



7▶
**ҚАСЫМ
ҚАЙДА
ҚАШАДЫ?**



10▶
**АЛМАС МҰҚАЖАН:
ЖАС КӘСІПКЕР**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАНТЫ ҚАЙДА?



Қарағандыда қант тапшылығы анық сезілуде. Шағын дүкендерде мүлде жоқ. Ірі супермаркеттерде тек шектеулі мөлшерде ғана сатылады. Әрі бағасы да қымбат. Ал тауар тасымалдаушылар болса, халықты сабыр сақтап, бірекі апта шыдай тұруға шақыруда. Олардың айтуынша, тамыз айында қантқа деген тапшылық азаяды әрі бағасы да арзандайды.

Жалғасы 6-бетте

«АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2016 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2016

Индекс	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
64540	6 айға	1747 теңге	1824 теңге
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	3494 теңге	3648 теңге
14540	6 айға	5393 теңге	5470 теңге
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға	10786 теңге	10940 теңге

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.



ДАМУДА ДАҒДАРЫС ЖОҚ

Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдібековтің төрағалығымен аймақтық үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау алуға жазылған 6 өтініш қаралып, қанағаттандырылды.

Екі жоба денсаулық сақтау саласында жүзеге асып жатыр. Олар – Қарағандыдағы құны 360,9 миллион теңге тұратын «Olymp Medical Group» ЖШС аллергологиялық орталығы және «Эстель» пластикалық және қалпына келтіру хирургиясы клиникалар желісінің кеңеюі.

Қарағанды облысында тұңғыш рет ашылатын аллергологиялық орталықта аллергия белгілерінің 14 түріне диагноз қою және емдеу қызметтерін көрсету жоспарланып отыр.

Үйлестіру кеңесінің мүшелері «Эстель» клиникасы жобасының несие бойынша пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау

түріндегі қолдау алуын мақұлдады. Берілген қаражатқа компания қызмет түрлерін кеңейтуге мүмкіндік беретін медициналық жабдықтар алған. Кәсіпорын басшылығының ақпараты бойынша, клиника мемлекеттік тапсырыс аясында жұмыс істеуге ниеттеніп отыр.

2013 жылы компания «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы аясында қолдауға ие болған еді. Осының арқасында клиниканың жаңа стандарттар мен талаптарға сай жаңа ғимараты салынды.

Үйлестіру кеңесінің отырысында мемлекеттік қолдау алған тағы бір жоба – Теміртауда 110 орындық қоғамдық монша салу. Басқа жобалар агроөнеркәсіп саласында, құрылыс материалдарын өндіру және сату саласында іске асырылып келеді.

Аталған жобаларды жүзеге асыру арқылы 43 жаңа жұмыс орнын ашып, 120 жұмыс орнын сақтап қалуға болады ■



КИІЗ ҮЙ – ҚАРА ШАҢЫРАҚ

Қарағандыда Астана күні қарсаңында «Киіз үй life» атты жастар жобасы өтті. Қала әкімдігінің қолдауымен 5-7 шілде аралығында Орталық саябақта өткен жобаның мақсаты – жастарды қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасымен таныстыру, сондай-ақ бос уақытын пайдалы шараға жұмсату.

Аталмыш жоба қаламызда қатарынан екінші жыл өткізіліп отыр. Шара барысында дәстүрге сай нағыз қазақы киіз үйлер құрылып, кішігірім ауылға ұқсады.

Күнделікті бағдарлама бойынша ұлттық ойын-сауық шаралары өткізілді, атап айтқанда, отандық фильмдер көрсетілімі, ұлттық ойындар (арқан тарту, асық ату), сайыстар және қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Тұрғындар мен қала қонақтарына үш күн бойы алтыбақан құрылып, ұлттық ойындарға қатысты тақырыптық көрме ұсынылды.

Сонымен бірге «Менің астанамның



қалыптасу тарихы» атты фотокеңіргіш орналастырылып, тақырыптық тантамареска аясында фотосессия ұйымдастырылды.

5-7 шілде аралығында туылғандарға атқа тегін мінуге мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ жобаға Ұлыбритания, Қытай, АҚШ, Германия, Пәкістан елдерінің өкілдері де қатысып, жалпы алғанда, 2000-нан астам адамды қамтыды.

Жобаның демеушілері: «Аура» фотостудиясы, «Дельфин» аквапаркі, «Ката» Қазақстанның дәстүрлі Айкидо қауымдастығы, «The Barbershop» ерлер шаштаразы, «Bekmurza brothers» киностудиясы, «Некафе Қарағанды» тайм кафесі, «Undeground» картинг клубы, «Styling» сұлулық салоны және «Mini golf club» ■

ӘСКЕР МІНДЕТ ПЕ, БИЛЕТ ПЕ?



2016 жылдың 8 шілдесіндегі жағдай бойынша, Қазақстан Республикасының қарулы күштері қатарына Октябрь ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мерзімді әскери қызметке 140 азамат қабылдап, көктемгі шақыру жоспары 100% орындалған.

Ал Қазыбек би ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі 101 азамат қабылдап, көктемгі шақыру жоспарын 72% орындаған.

Азаматтардың аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімдердің шақыру пункттеріне келуі, Қазақстан Республикасының қарулы күштері бөлімшелеріне аттандырылулары ережелер мен регламенттерге сәйкес орындалды. Шақырылушы жастардың арасында тәртіпбұзушылық оқиғалары болған жоқ ■

«АҚ БАЛАҒА» АШЫЛДЫ

«Буторин» жеке кәсіпкерлігі 15-шағынауданда 75 орындық «Ақ бала» балабақшасын ашты.

«Мектепке дейінгі тәрбие беру мекемесі тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан, – делінген хабарламада. – Кәсіпкер ғимаратты балабақша ашу үшін 15,2 млн теңгеге сатып алып, оны жөндеу және керек-жарақтарды сатып алу үшін өз қаражатынан 16 млн теңге жұмсады».

Кәсіпкер медициналық және азық-түлік блогын жабдықтады. Балаларды тәрбиелеу үшін қажетті материалдық база құрылды.

Ведомство ақпаратынша, білім бөліміне мемлекеттік тапсырысқа өтініш түсті.



Білім басқармасының баспасөз қызметі берген ақпаратта: «Ақ бала» балабақшасы «Бизнестің жол картасын» жүзеге асырудағы нысандар тізіміне енді. Кәсіпкер мұнымен тоқтап қалмақ емес. Ол жергілікті атқарушы органдарға 320 орынға шақталған балабақша құрылысы үшін көп мерзімдік жалға беруге немесе сатуға жер учаскесін бөлуді сұрап өтініш жазды», – делінген ■



«ХАБАР» АРНАСЫ:

Алматы-Қарағанды тасжолында Гүлшат кентінен 20 шақырым жерде ірі жол-көлік апаты болды. Алматыдан Астанаға келе жатқан «Лексус» көлігінің оқыста артқы дөңгелегі жарылып, жол шетіне аударылған. Апат салдарынан бір отбасының алты адамы ажал құшты. Көлік жүргізушісі мен бес жолаушы оқиға орнында тіл тартпай кеткен. Оның екеуі – кемелетке толмаған жасөспірім. Жарақат алған тағы бір бала

ауруханаға жеткізілген. Қазір оқиғаның мән-жайын анықтау үшін сараптама жасалып жатыр.

«31-АРНА»:

Қарағанды облысы Теміртау қаласының жұрты Президент Нұрсұлтан Назарбаев бір кездері тұрған көпқабатты үй мен сол үй ауласына жергілікті билік назар аударса дейді. Айтуларынша, күрделі жөндеуді қажет ететін үйдің маңын атқамінерлер қалыпқа келтіруге асықпай отыр. Өйткені қазынада ақша қарастырылмапты.

Теміртау қаласындағы үш бөлмелі пәтер Нұрсұлтан Назарбаевқа домна цехында үздік қызмет жасағаны үшін беріліпті. Ол пәтердің қазіргі иелері демалысқа кетіп, баспана жабық тұр екен. Ал көршілері: «Баспанаға 1963 жылы кірген шаңырақ мұнда бес жылға жуық уақыт тұрды», – дейді. Президентіміз елу үш жыл бұрын отбасымен тұрған пәтердің қожайыны содан бері екі рет ауысыпты.

«КТК» АРНАСЫ:

Елімізде мемлекеттің жалға беретін пәтері тұрмысы қиын адамдар мен көпбалалы отбасыларға ғана үлестірілмек. Осылайша Үкімет бюджет ақшасына салынатын арзан үймен әуелі әлеуметтік жағынан аз қамтылған шаңырақтарды жарылқамақшы. Бірақ олардың ешқайсысына баспананы жекешелендіруге рұқсат етілмейді. Бастан-аяқ өзгертіліп жатқан тұрғын үй бағдарламасы жақын арада қайта қабылданады ■

Меніңше...

– Күйдіргі төңірегінде орын алған жайт ет экспортына еш кедергі келтірмейді. Өйткені халықаралық сауда талаптарына сәйкес аусыл, классикалық шошқа обасы сынды аса қауіпті алты ауру түрінде ғана эпизоотикалық

жағдай ескеріледі. Қарағанды облысындағы күйдіргіге қатысты оқиғаны тергеудің нәтижесінде Ветеринарлық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесінің қызметкері Түсіпов жазаланды. Қарағанды облысы Шет ауданының

басшысы жұмысынан босатылды және Қарағанды облыстық ветеринарлық бақылау комитеті инспекциясының жетекшісі Мұхтаров сәгіс алды ■
Гүлмира ИСАЕВА,
ҚР Ауылшаруашылығы вице-министрі



Мәссаған!

БАЙҚАУДА БАҚ СЫНА



Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» №523 Жарлығына сәйкес, Қазақстанның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәжірибені игеруге ынталандыру мақсатында жыл сайын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу белгіленді.

Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар қатыса алатын конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өткізіледі.

Үміткерлер қоғамның, соның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісі кәсіпкерлерінің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған, өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін растайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға тиіс.

Бағдарламалар мен олардың жобаларына үміткерлер дербес немесе азаматтық қоғам институттарымен және жергілікті атқарушы органдармен әріптестікте жүзеге асыратын және әлеуметтік салада оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған шаралар кіреді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы конкурстың ұйымдастырушылары болып табылады.

Қарағанды қаласының барлық жұмыс берушілерін белсенді түрде қосылып, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз – 2016» конкурсына келесі аталымдар бойынша қатысуға шақырамыз:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» (өз персоналын қолдауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақыны және әлеуметтік төлемдерді төлеуді, кадрларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды барынша көп мөлшерде жұмысқа орналастыру және т.б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады);

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» (еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады);

3) «Үздік ұжымдық шарт» (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады);

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін» (қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады).

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу ережесі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің веб-сайтында жарияланған (www.mzsr.gov.kz және www.paryz.mzsr.gov.kz).

Өтінімдер мына мекенжай бойынша ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін қабылданады: 100012 Қарағанды қаласы, Пospelов көшесі, 16-үй, 10-кабинет; «Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ. Электрондық мекенжайы: krggorsobes@mail.ru.

Анықтама телефоны: 56-72-27, 30-01-69 ■



АЙГЕРІМНІҢ АЙЫ ОҒЫНАН ТУДЫ

Облысымызда «Полиглот» байқауы өз мәресіне жетті.

Төтенше жағдайлар департаментінде құрылымды бөлімшелер мен оның ведомстволық байланысты мекемелерінің үш тілді меңгерген қызметкерлері арасында «Полиглот» облыстық байқауы өтті.

ТЖД басшысы И.Көлшімбаев осы сынның жеңімпазы алдағы республикалық байқауға баратынын жеткізді.

Байқаудың мақсаты - Елбасының мәдени жобасын іске асыру, үш тілді - қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қызметкерлерді анықтау және қолдау, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Байқау үміткерлерінің білімдерін бағалау кезінде, тілдерді меңгеру деңгейіне, жазу сауаттылығы мен дұрыс дыбысталуына, жауаптың сапасы мен мазмұндылығына аса мән беріледі. «Полиглот» байқауының қорытындысы бойынша 1 орынға Айгерім Жанатқызы 55 ұпаймен ие болды. Барлық қатысушыларға бағалы сыйлықтар берілді.

1 орынды иеленген Айгерім Жанатқызы қазан айында Қарағанды облыстық ТЖД атынан Өскеменде өтетін республикалық байқауға қатысады ■

365INFO.KZ

«Доллар қымбаттамайды, инфляция өспейді. Ұлттық банк көрсеткіштері осылай «сөйлейді» – ҚР Ұлттық банкі ақшанесие саясатының маңызды құралы – базалық мөлшерлемені 15 пайыздан 13 пайызға дейін азайтты. Алдында мамыр айында бұл көрсеткіш 17 пайыздан 15 пайызға дейін төмендеген еді. Сол кезде-ақ мамандар базалық мөлшерлеменің төмендеуі Қазақстан экономикасы үшін жағымды құбылыс деп бағалаған. Өйткені осы көрсеткішке сәйкес елімізде тоқсан сайын құбылатын инфляция ауыздықталып, базардағы бағалар да тұрақтап, шетел валютасы арзандауы керек.

ZHASALASH.KZ «Тәуелсіз баспасөзге қауіп төнді» – Тәуелсіз басылымды жабудың кезекті науқаны басталды. 7 шілде күні Алматының Медеу аудандық соты «Алматыжарнама» компаниясының директоры Сыздықовтың «Трибуна» газетіне қарсы берген арыз-шағымын

қарауды бастады. 2013 жылы 23 миллион теңге жымқырды деп айыпталған шенеунік тәуелсіз газетті өзін «жемқор» деп атағаны үшін сотқа сүйреп, 15 миллион теңге талап етіп отыр.

BAQ.KZ «Ірі жер иеленушілері туралы ақпаратты жарияласақ, сотталып кетеміз – А.Мырзахметов» – Қызылорда облысында өткен жер комиссиясының кезекті отырысында ірі жер иеленушілері туралы ақпаратты ашық жариялау мәселесі көтерілген болатын. Олар кадастрлық тізімде бар. Бірақ аты-жөндері көрсетілмеген. Астанада болған комиссияның соңғы отырысында аталған мәселе қайтадан көтерілді. Осыған қатысты журналистерге сұхбат берген комиссия төрағасы Асқар Мырзахметов түсініктеме берді.

QAZAQUNI.KZ «Тәуелсіз елдің ордені отаршылдықтың символы болғаны несі?» – Басқаны қайдам, қызыл жұлдыз көрсем, көз алдыма

жазықсыз төгілген қан, «елімайлап» көшкен ел, аштан бұралып әр жерде бір сүйегі қалған қазақ елестейтіні рас. Бір сөзбен айтқанда, қызыл жұлдыз – отаршылдықтың символы. Тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасыр болғанымен, сол қарғыс атқыр символдың әр жерден қылаң беріп қалатыны өкінішті. Мына суретке назар аударыңыздаршы! Бұл – «Еңбек даңқы» ордені.

DALANEWS.KZ «Қазкоммерцбанктың» Таир Қалдыбаевтың қазасы жайлы мәлімдемесі» – «Қазкоммерцбанк» АҚ және оның бас акционері Кеңес Рақышев, қаржы институтының қызметкерлері, сондай-ақ қоғам өкілдері қазақстандық кәсіпкер Таир Қалдыбаевтың қайғылы қазасы туралы естіп, қатты күйзелгенін және оның отбасына, туған-туыстары мен таныстарына шын ниеттен көңіл білдіретіндігін жеткізді.

ULT.KZ «Мединадағы жарылыс нені көздейді?» – Мәдина қаласындағы ардақты пайғамбар мешіті әлем мұсылмандары үшін Меккедегі әл-Харам мешітінен кейін екінші қасиетті орын саналады. Ал күні кеше осы ардақты пайғамбар мешітінің жанындағы жарылыс – дін исламға жасалған қастандық. Дінді шапан етіп жамылған террористер үшін діннің де, қасиетті мешіттердің де бақырдай құны жоқ екеніне тағы куә болдық.

AZATTYQ.ORG «НАТО саммиті екінші қырғиқабақ соғыстың басы ма?» – Екі жыл бұрын Уэльсте өткен НАТО саммитінде басталған көп мәселе Варшавада жалғаспақ. НАТО елдерінің басшылары Уэльсте «төтенше жағдайда» бас қосқан еді. Енді бұл одақ ұзақ та шиеленіскен араздыққа әзірленіп жатыр. Кей саясаткер саммит шешімдерінің әсері ондаған жылдарға созылатынын айтады ■



Мәссаған!

КҮЙДІРГІНІҢ КЕСІРІ ТИМЕСІН!



Шілде айының он бірі күні Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасынан күйдіргімен ауырған алғашқы үш адам шығарылды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы Айжан Исаның хабарлауынша, олар тиісті ем қабылдап, толық сауығып шыққан.

– Барлық науқас тиісті емдеу курстарынан өтті. Аурудың асқинуы

және басқа да қиындықтар кезіккен жоқ. Науқастардың өміріне ешқандай да қауіп төніп тұрған жоқ, – дейді Айжан Иса.

Ал қалған үш адам өзiрге дәрігерлердің бақылауында қалып отыр. Жақын күндері оларды да ауруханадан шығаруы мүмкін.

Естеріңізге сала кетсек, облысымызда күйдіргінің алғашқы белгілері 18 маусым күні байқалған болатын. Екі адам жан тапсырды. Марқұмдардың туыстарының хабарлауынша, бұған дер кезінде шара қолданбаған дәрігерлер кінәлі. Ал Еркіндік ауылында ТЖ жарияланып, тергеу амалдары жалғасын табуда. Мамандар қауіп сейілді дегенімен, ауру ошағындағы карантин әлі сақталып отыр. Күйдіргінің таралау себебі әлі анықталған жоқ. Ол – екпенің дұрыс жасалмауынан немесе мал өлекселерінің дұрыс көмілмеуінен туындаған болуы мүмкін ■

Шырғалаң

СҮТ СҰРАСАҢ...

Қарағанды облысы жайылымдық жер көлемі жағынан ең ірі облыстың бірі саналады. Алайда аймақта сүт өнімдеріне деген тапшылық айқын байқалуда. Әсіресе қыс айларында. Себебі көптеген шаруа қыс мезгілінде сиыр сауып, оның сүтін қалаға әкелуге қауқарсыз.

Шенеуніктердің ойынша, бұл тығырықтан шығудың бір ғана жолы бар. Ол – облыста сүт өнімдерін қабылдау пункттерінің санын арттыру. Қазір аймағымызда мұндай тоғыз пункт жұмыс істеп тұр. Орта есеппен алғанда, олардың әрқайсысы күніне 50 тонна сүт қабылдайды. Бірақ бұл жеткіліксіз болып отыр. Сондықтан жақын арада тағы бірнеше пункт іске қосылмақ. Олар сүттің сапасын анықтап, ұзақ уақытқа дейін сақтауға мүмкіндік береді. Алдын ала болжам бойынша, сүт қабылдау пункттері Жаңаарқа, Шет, Абай аудандарынан ашылады. Сондай-



ақ сүт өнімдерін өндіруді 4 пайызға, ал мал санын 25 000 басқа дейін өсіру жоспарлануда ■

Қоғам

«АРСЕЛОРДЫҢ» АЙЫМЫН КІМ ҚОРҚЫТТЫ?



Теміртау қаласында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ының Қоғаммен байланыс және корпоративті коммуникациялар департаментінің директоры Зухра Сұлтановаға қарақшылық шабуыл жасалды. Беймәлім адамдар келіншекті соққыға жығып, қылқындырған және пышақпен қорқытқан. Зухра Сұлтанова

бұл оқиғаны өзінің қызметімен байланыстырып отыр.

– Шабуыл жасаушылар өздерінің маған соңғы рет ескерту жасап отырғандарын айтты. Ол: «Өзіңнің Алматына тайып тұр, біз саған ескерттік», – деді. Олар менің еш нәрсемені ұрлап кеткен жоқ. Сондықтан бұл – тонау емес, менің қаладан кетуімді талап ету әрекеттері. Мен осы қызметте отырып біреулерге кедергі келтіретін тәріздімін, – дейді жәбірленуші. Ол өзін соққыға жыққандардың түрін көрмеген.

Зухра Сұлтанова істің анық-қанығын тексеруді сұрап полицияға шағымданған. Өзі дәрігерге көрінген соң ауруханаға жатудан бас тартып, үйіне қайтқан. Бірақ сол күні қан қысымы бірден көтеріліп кеткендіктен, дәрігерлер оны ауруханаға алып кетті ■

Заң



ТЕЛЕФОН-ТЕРРОРИСТ КІМ?

Телефон арқылы лаңкестік туралы жалған ақпарат берді деп айыпталған қарағандылық мұғалімнің ісі созылып кетті. Ұстаз өз кінәсін мойындамайды, сараптама қорытындылары кереғар. Ал тергеушілер айыпталушының айыпты екеніне сенімді.

Оқиға өткен жылдың сәуір айында орын алған болатын. Белгісіз біреулер полицияға телефон шалып, Орталық әмбебап дүкенде жарылғыш зат орнатылғанын хабарлаған. Кейін мұның жалған ақпарат екені анықталды. Тергеу амалдары барысында қоңыраудың физика пәнінің мұғалімі Юрий Пактың телефонынан шалынғаны анықталды. Бірақ ол жеке телефонына блютуз жүйесі арқылы өзге адамдардың қосылғанын, қоңырау соққан солар екенін айтып ақталуда. Істің ақ-қарасын анықтау мақсатында аудиожазбаға сараптама да тағайындалған болатын. Бірақ оның қорытындысы мәселені шешіп бере алған жоқ. Үш мәрте жүргізілген сараптама нәтижелері әр алуан.

Алғашқысы дауыс күдікті емес деп тапса, тергеу орындары талабымен жүрген екінші сараптама ақ-қараны мүлде айыра алмаған. Ал үшінші сараптама дауыс Юрий Пактікі деген қорытынды шығарыпты. Бірақ қорғаушылар Алматы мен Қарағанды мамандары жүргізген сараптамада аудиофайлдың өзгеріске ұшыраған түрі қаралғанын айтып отыр. Сондықтан келесі сараптама Астана қаласында өтетін болды.

– Аудиожазбаның сапасында мін бар. Алғашқы сараптамада оның түпнұсқасы қолданылса, кейінгілерінде оның өзгерген, яғни кішірейтілген түрі қаралды. Бұл жазбаның құрылымына әсер еткені сөзсіз. Тергеушілердің оны нәліктен өзгерткені де сұрақ тудырады. Ендігі сараптамада жазбаның түпнұсқасы берілуін талап етеміз, – дейді айыпталушының қорғаушысы Сергей Ким ■

Мәселе

ОМАРОВАНЫҢ ОНЛАЙН-ПЕТИЦИЯСЫ



Қарағандылық қоғам белсенділері кәсіпкер Владимир Крючковты қылмыстық жауапкершіліктен босатуды сұрап Нұрсұлтан Назарбаевтың атына онлайн-петиция жазды.

Қарағандылық журналист Ботагөз Омарованың айтуынша, шенеуніктер әуелде Көкпектідегі тасқынға мүлде басқа адамдардың жауапты болатынын айтқан. Бірақ тергеу амалдары аяқталғанда, апатқа тек бір ғана адам кінәлі болып шықты.

«Шаңырақ» ЖШС жауапқа тартылады», – деп кезінде Божконың өзі айтқан болатын. Бірақ сөзінен айнып қалды. «Шаңырақ» ЖШС жауапқа тартылу былай тұрсын, тіпті, сотқа да шақырылған жоқ. Ал адамдарды құтқаруға талпынған кәсіпкер айыпты болды», – деп жазды Ботагөз Омарова Facebook парақшасында.

Қазір онлайн-петицияны жүзге тарта адам қолдап, дауыстарын қалдырған. Айта кету керек, онлайн-петиция адамдардың наразылық танытуларының бір түрі болып саналғанымен, оның ешқандай да заңдық күші жоқ. Яғни оны қолдап, қол қойғандардың саны көп болса да, шенеуніктерді қандай да бір шара қолдануға мәжбүрлей алмайды ■

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

1 Қытайда тұтқындалған адамдар, басқа елдермен салыстырғанда, қамауда 4 есе ұзақ отырады.

2 Әлемдегі ең ұзын кептеліс Қытайдың Шанхай қаласында болған. Кептеліс 12 күн бойы тарқамаған. Ұзындығы 99 шақырым.

3 Қытай полициясы ит орнына көбіне қазды пайдаланады. Себебі қаздың көзі алыстан жақсы көреді.

4 Әскерилер бастарын тік ұстап үйрену үшін жағаларына ине қадап қояды.

5 Әйгілі Playstation ойын құралына Қытай территориясында тыйым салынған.

6 Қытайда халық санының көптігіне байланысты жылына 1 миллиондай әйел түсік жасатады.

7 Шамамен Қытайдың 1 миллиондай тұрғыны күніне 1 долларға ғана өмір сүреді.

8 Яодун – Қытайдағы үңгірлі үйлердің атауы. Онда шамамен 30 миллион адам тұрады. Ол Австралияның халық санынан өлдеқайда көп.

9 Ең қысқа атаулы аймақ – Швеция мен Норвегияның шекарасында орналасқан кішкентай ауыл. Скандинавия тілінен аударғанда «өзен» дегенді білдіреді.

10 Әлемде ең үлкен аумақты алып жатқан қала – Қытайдың Ішкі Моңғолия ауданында орналасқан Хулун-Буир қаласы. Оның аумағы 263953 шаршы км.

11 Лесото, Ватикан және Сан-Марино елдері бір ғана елмен шектеседі. Лесотоны толығымен ЮАР қоршайды, ал Ватикан мен Сан-Мариноны толығымен Италия қоршап жатыр.

12 «TaumatawhakatangiHangakauauotamateaturipukakapikimaungahoronukupokaiwihe nua kitanatahi» – Жаңа Зеландиядағы дөң атауы. Географиялық ең ұзын атау ретінде Гиннес рекордтар кітабына енген. 84 әріптен тұратын бұл атау маори тілінен аударғанда «Үлкен тізелі еркек Таметеяның сүйіктісіне флейтада ойнап отырып тайып кетіп, тұрып, тауды асап, тау кеміргіш аталған орын» дегенді білдіреді.

Осы атау ең ұзын болып есептеліп келген еді. Алайда кейін одан да ұзын географиялық атау бар екені анықталды. 163 әріптен тұратын «Krung thep mahanakhon bovoorn ratanakosin mahintharayutthaya mahadilok por porparatratchathani burirorn udomratchanivetmahasathan amornpiman avatarnsathit sakkathattiya visnukarnprasit» сөйлемі – Таиланд астанасы Бангкоктың поэтикалық атауы.

13 Ең суық және ең жылы теңіз. Ресейдегі Ақ теңіздің температурасы ең төмен, бар-жоғы -2 °C-қа тең. Персид шығанағы ең жылы теңіз болып саналады. Жазда су температурасы 35,6 °C-қа дейін барады.

14 Сан-Марино – әлемдегі ең ежелгі конституциялық мемлекет. Сан-Марино елін 301 жылы Диоклетиан императорынан қашып жүрген тас қалаушы құрған. Сан-Мариноның 1600 жылы қабылданған конституциясы әлемдегі ең алғашқы конституция саналады.

15 Адамзат қазған ең терең ұра – Ресейдегі Колы. Ғылыми жұмыстар барысында қазылған бұл ұраның тереңдігі 12262 метр. Нәтижесінде біраз ғылыми жаңалық ашылған.

16 Қытай мен Жапонияда 4 санын ешкім атамауға тырысады. Себебі олардың түсінігінде бұл сан «өлімді» білдіреді.



17 Израильдіктер қосуды, яғни «+» таңбасын жазбайды. Оның орнына «Т» таңбасын пайдаланады.

18 Ежелгі Римде 0 саны мүлде қолданылмаған.

19 Америкалық жоғары оқу орнының аспиранты Джордж Данциг бірде сабаққа кешігіп келеді. Содан тақтада тұрған екі есепті көріп, сабақ барысында берілген тапсырма екен деп орындап тастаған екен. Сөйтсе, онысы математика ғылымдарының әлем бойынша шешімі табылмай жүрген ең қиын есебі болып шыққан.

20 «Тең» белгісін айналымға алғаш рет 1557 жылы британдық ғалым Роберт Рекорд енгізген.

21 Гипатия есімді грекиялық келіншек – әлемдегі тұңғыш математик әйел. Ол біздің дәуіріміздің IV-V ғасырларында Александрия қаласында өмір сүрген.



22 Бүгінгі күні Швейцарияда 400-ге тарта коммерциялық банк жұмыс істейді. Олардағы жалпы ақша айналымы 52 триллион долларға тең.

23 Швейцария БАҚ-ының мәліметінше, сол банктердің бірінде 1902 жылы Владимир Ильич Лениннің атына есепшот ашылған, бірақ әлі күнге дейін жабылмапты. Оның ішінде 13 швейцар франкі сақтаулы.

24 1179 жылы Рим папасы Александр III барлық банк қызметкерін шіркеуге қарсы адамдар деп жариялайды. Банк қызметкерлерінің шоқынуга, мінажат етуге және христиандық ғұрыппен жерлеуге хақысы болмаған. Себебі олар ақшаны пайыздық үстемемен беріп отырған. Дегенмен бұл көзқарастың әлі күнге дейін күшін жоймағанын ескеруге тиіспіз. Өсімқорлықты ислам діні де қолдамайды. Ислам банктері ешқашан пайыздық үстемемен ақша бермейді. Тек иудаизм дінінде ғана өсімқорлыққа шек қойылмайды. Себебі ортағасырлық «банк қызметкерлерінің» көбісі еврей болған.

25 1950 жылы Италияның солтүстігіндегі банктер шаруаларға берген несие кепілдігі ретінде ірімшік алатын болған. 2-3 жылға дейін жететін пармезан ірімшігінің бөліктерін арнайы орындарда сақтаған. Егер несие уақытында қайтарылмаса, шығын сақтаудағы ірімшіктерді сату арқылы толықтырылып отырған.

26 «Дельфин» сөзі гректің «дельфос» сөзінен алынған. Ол «бауыр» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан болса керек, дельфин бауырмалдықтың, мейірімділіктің жарқын үлгісі ретінде сипатталады. Дельфиндер тек қана балалармен емес, ересектермен де ойнағанды жақсы көреді.

27 Дельфиндерді балық деуге келмейді. Олар кит төрізді сүтқоректілер қатарына жатады. Дельфин – жалпы эмоциялық қасиеттері жоғары, көңілді, әзілкеш, топтасып өмір сүретін тіршілік иесі.

28 Дельфиндер кейде тұмсығымен соғып акуланы да өлтіріп қояды.

29 Дельфиндерде иіс болмайды және иіс сезбейді. Бірақ ащы, тұщы, қышқыл, төттіні бірден айырады.

30 Дельфиндер суда 24 км/сағ жылдамдықпен жүзеді. Кейбіреулері 60 км/сағ жылдамдықпен де жүзуі мүмкін. Шамамен дельфиндер 50 жылға дейін, тіпті, кейбір түрлері 75 жылға дейін өмір сүреді. Жалпы, дельфиндердің теңізде өмір сүретін 32 түрі, өзендерде тіршілік ететін 4 түрі бар.

31 АҚШ-тың ұлттық валютасы – Сальвадор, Шығыс Тимор, Эквадор, Зимбабве және Маршалл аралдары сынды елдерде де ресми

қолданылатын ақша бірлігі. Сонымен қатар Гуам, Палау және Пуэрто-Рико елдері де АҚШ ақша бірлігін өзінің ұлттық валютасы етіп алу үшін келіссөздер жүргізіп жатыр.



32 «Бакс» жаргон сөзі қайдан шыққан? Ағылшын тілінде «buck» сөзі «бұғының терісі» деген мағына береді. Бұғы терісі – Американың байырғы тұрғындары болған үндістердің ең басты сауда бірлігі. Олар теріні айырбастау арқылы сауда жасаған. Өзге деректерде «buck» сөзін көне грек мифологиясындағы шарап дайындау құдайы Бахустың атынан шыққаны келтіріледі.

33 Долларды басып шығару стандарты 1929 жылдан бері өзгермеген. АҚШ доллары номиналдарының дизайны 1929 жылы бекітілген. Сол кезде ақшаның алдыңғы бетінде президент портреті, ал келесі жағында тарихи ескерткіштер орналасуы тиіс деп белгіленеді. Доллар бетіне әйел портреті тек бір рет ғана түскен. Нақтылап өтсек, 1886 жылы басылған 1 долларлық банкнотта Марта Вашингтонның портреті болған.

34 Ең үлкен номинал – \$100 000. 100 000 долларлық банкнот 1969 жылға дейін қолданылған. Президент Ричард Никсон ақша құнсызданбауы үшін 100 долларлықтан жоғары банкнот баспауға қаулы шығарады. Ал сол жылға дейін басылған \$100 000 долларлық банкноттарды Федералды қаржы жүйесінде ауыстырып алуға мүмкіндік берілді.

35 «Доллар» сөзі неміс тілінен алынған. Голланд саяхатшылары немістің «талер» деп аталған валютасын қолданатын болған. Олар оны Шотландияға жеткізеді. 1567-1571 жылдары Шотландия территориясында негізгі валюта қызметін атқарған ақша атауы «доллар» деп өзгереді. Қазіргі Нью-Йорк қаласын XVII ғасырда отарлаған голландтар талерді нарыққа енгізеді. Ал 1794 жылы «доллар» тәуелсіз мемлекеттің ресми валютасы болып бекітіледі. Ақша атауын Томас Джефферсон ұсынады.

36 Доллар мақта мен зығырдан жасалады. Долларды басып шығаруда қолданылатын қағаздың 25%-ын зығыр, 75%-ын мақта құрайды. Бір банкноттың салмағы 1 грамм■

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ nurlyhan93@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАНТЫ ҚАЙДА?

Қант қайда кетті? Қант тапшылығының сезілуіне не себеп болды? Осы сауалдардың жауабын іздеп көрейік. Қазақстанда қант тапшылығы сезілуінің бірінші себебі елімізде қант өндіретін тек бір ғана зауыт бар. Яғни ол барлық өңірдің сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Өрі жаз айларында қантқа деген сұраныс арта түседі. Мәселен, жаздың ыстығында көптеген тұрғын төтті сусын ішіп, балмұздақ жегенді ұнатады. Бұл тауарлардың өтімділігі де жоғары. Сондықтан осы өнімдерді өндіретін зауыттар бар қарқынмен жұмыс істей бастайды. Одан қалды, тұрғындар тосап қайнату үшін қантты әдеттегіден көп сатып алуға тырыса бастайды. Осыдан келіп қантқа деген сұраныс артады. Ал оны өндіруші зауыт жалғыз. Рас, көрші елдерден де әкелуге болар еді, бірақ Ресей еліндегі жағдай да біздегіге ұқсас. Өрі ол жақта қант бағасы қымбат болғандықтан (дәл қазір бір келісі 250-270 тг көлемінде) оны тасымалдау және нарыққа шығару тиімсіз.

Қалада қант мүлде жоқ деуге келмейді. Бірақ көп мөлшерде сатып ала алмайсыз. Жан басына екі келіден ғана сатылады. Супермаркеттер дәл қазір қолда бар өнімдерін саудаға шығарып отыр. Оған деген сұраныс жоғары болғандықтан, бағасы да қымбатқа түсетіні анық.

Көтерме тауарлар тасымалдаумен айналысатын «Диас KZ» фирмасының директоры Леонид Гесиннің айтуынша, қант тапшы екен деп оны көптеп алудың еш қажеті

жоқ. Белгілі бір өнім түрінің ұзақ уақыт бойы нарықтан жоғалып кетуі кеңестік кезеңмен бірге келмеске кеткен. Қазір қант тапшы болғанымен, екі-үш аптадан соң жағдай қалыпқа түседі. Тамыз айында ресейліктер қант қызылшасын жинап бітеді. Осы тұста олардағы өнім бағасы айтарлықтай арзандап, тасымалдауға жеңілдік туындайды. Өрі қантқа деген сұраныс азайғандықтан, еліміздегі жалғыз зауыт өнімдері де нарыққа жол тартады.

– Қанттың төңірегінде дау көтерудің еш қажеті жоқ. Қазір тапшы болғанымен, уақыт өте шешімін табады. Қазір қымбат бағада 100 келілеп сатып алғанша, күте тұрған дұрыс. Осыдан үш жыл бұрын балконы құлаған әжей туралы естіген боларсыздар? Ол кісі балконда жарты тонна қант сақтаған екен. Қазір кеңестік заман емес қой. Тапшылық – тек уақытша ғана нәрсе, – дейді Леонид Гесин.

Ал қанттың дәл қазір тапшы болуы кейбір пысықай саудагердің қолайына жағып тұр. Олар қымбат бағада неғұрлым көп өнімді



сатып қалуға тырысады. Ал бұған алданып, қантты қашықтап алған тұрғындардың ертең баға арзандаған тұста бармағын тістеп қалары даусыз. Өрі бұл іске шенеуніктер де араласып отыр. Жақын арада арнайы қорда сақталған қанттың бір бөлігі нарыққа шығарылып, жағдайды тұрақтандыруға үлесін қоспақ ■

Қарағанды орталық саябағы басшысы Виктор Браунгель назарына!

ҚАСЫМ ҚАЙДА ҚАШАДЫ?



Қарағандыда Қасымға қысым көрсету ісі тоқтамай тұр. Қасым Аманжолдың ескерткішін айтып тұрмыз. Аяғынан тұсалған Қасымды көргенде осындай ойға келдік. «Тұлпарға тұсау салу» ертеден келе жатқан ергежейлілік қой. Бірақ, бақилық ақынның балағына жабысу не сұмдық?

Қазақтың дауылпаз ақыны Қасымға осымен екінші мәрте «шабуыл» жасалды. Газетіміздің өткен сандарының бірінде «Қасымды басынды» атты мақала жазған болатынбыз. Сайтан суға сылқия тойған ессіздер Қасым ескерткішінің басына мініп алып, сайрансалған еді. «Сценарий» қайталанды. Бірақ осы жолы Қасымның аяғына тұсау салынды. Әрине, себепсіз емес. Өздерінше ескерткішке жарық тартқан. Бірақ, «шебер қолды» саябақ басшылығы жақсылап ойланса басқа бір амалын табар еді ғой. Әлде, ана бір комедиядағыдай ескерткіш қашып

кетеді деді ме екен?

«Қасым» журналы бастап, Жастар басқармасы қоптап жыл сайын футболдан «Қасым» кубогы өткізіледі. Осы жолы Астанада келген қонақтарды ертіп Қасым ескерткішіне гүл қою рәсімін жасады. Ақынға тағзым етеміз деп барып, талып қала жаздадық. Қонақ алдында бет қызарды. «Қасым қашып кетпесін деп байлап қойдыңдар ма?» деген қағытпа қалжың құлағымызды бұрап алды. Біз үндей алмай қалдық. Сіз не дейсіз Виктор мырза? ■

■ Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ

Кинорежиссер Талғат Жәнібековтің айтуынша, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы фильм түсіруді қаржыландыру үшін пара талап еткен. Арнайы видеоүндеу әзірлеген ол – министрліктегі былықтарды да жайып салған.

РЕЖИССЕРДІҢ РЕНІШІ

Бүгінде Жәнібеков «Феникс» деген атаумен триллер жанрындағы фильм түсіріп жатыр. Алайда министрдің кедергі болуы салдарынан жұмысын аяқтай отыр-мыс. Режиссер аталған туындысын Ғарышкерлер күні қарсаңында көрерменге ұсынбақ болған екен.

– Мен қазір «Феникс» картинасын түсіріп жатырмын.

Біз оны Ғарышкерлер күніне орай аяқтаймыз деп жоспарлағанбыз. Алайда министр Арыстанбек Мұхамедиұлы бұған мұрша берген жоқ. Ведомство басшылары біздің картинаны заңсыз тоқтатып тастады. Салдарынан біз қазір әрі қарай жылжи алмай отырмыз, – дейді режиссер.

Түсірілім жұмыстарын тоқтатып тастаған соң, режиссер мен оның

командасы министрлікті сотқа беріпті. Бірақ ұзаққа созылған сот процесінен жеңіліп қалған.

– Олардың бәрінің телефон қоңырауы арқылы шешіліп отырғанын да білеміз. Америкалық әріптестеріміз мұны көріп жағаларын ұстады. Заң толық біздің жақта бола тұра, соттан жеңіліп қалғанымызды шетелдіктер түсіне алар емес, – деп атап өтті ол.

Ал түсірілім жұмыстарын жалғастыру үшін министр режиссерден «откат» сұраған көрінеді.

– Билік жұмыс істемейді! Біз мұнда ұрлық болғанын дәлелдейтін құжаттарды көрсетіп отырмыз, оған Серік Жұбандықов («Қазақфильм» АҚ вице-президенті) пен Арыстанбек Мұхамедиұлының қатысы бар. Мұхамедиұлының өкілі келіп, маған «откат» туралы айтты. Мен қарсылық білдірдім. Содан бастап жұмысымыз тоқтатылды, – дейді Жәнібеков.

Айта кетейік, «Феникс» фильмінің түсірілімі 2015 жылдан бері созылып келеді. Арыстанбек Мұхамедиұлы сол кезде түсірілім жұмыстарының кейбір құжаттың дұрыс болмауына байланысты тоқтап тұрғанын айтқан болатын ■



СУ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Суға түсу маусымы ашылғалы бері, Қарағанды облысында суға кеткендердің саны күрт өскен. Облыс бойынша жыл басынан бері 18 адам суға кеткен, оның сегізі – бала.



Суға батқандардың көпшілігі құтқару станциялары жоқ жерлерде шомылған. Мұндай қараусыз орындар адам өмірі үшін өте қатерлі, сондықтан тыйым салынған. Облыстағы ахуалға аймақ басшысы Нұрмұхамбет Әбдібеков те назар аударып, алаңдаушылық білдірді.

– Адамдар рұқсат етілмеген жерлерде суға шомылады. Біз бұл туралы жиі айтамыз, бірақ еш шара қолданбаймыз. Соның кесірінен осындай статистиканы көріп отырмыз. Әсіресе балалардың қаза болуы – ауыр қайғы. Сондықтан халықты көбірек ақпараттандыру қажет. Ақмола облысының тәжірибесін алайық. Олар

жұмыссыз жүрген жастарды қоғамдық жұмысқа тартып, су айдындарына кезекшілік шығарған. Кезекшілер тұрғындарға қай жерге шомылуға болатынын айтып, жөн сілтеп отырады. Олар осы арқылы шомылу маусымының қорытындысы бойынша суға кеткендердің санын айтарлықтай азайтқан, – дейді облыс әкімі.

Аймақ басшысы айтқан ұсынысты шенеуніктер бірауыздан қолдап, Ақмола облысының тәжірибесін бізге де енгізуге сөз берді. Ал оның қалай орындалатынын және адам өмірін сақтауға әсері қалай боларын уақыт көрсетеді ■



СЕРІК АҚСҰҢҚАРУҰЛЫ

АҚСҰҢҚАР, СЕН ДЕ ҚҰССЫҢ, МЕН ДЕ ҚҰСПЫН...»

**Ақсұңқар, неге қонбайсың,
дарига-ай, құрған торға?
(Халық әнінен)**

Торқалы той, топырақты өлімде бір баратын кір жуып, кіндік кескен жұртқа жыл сайын жол түсетін болды. Қызыларайлықтар осы елдің тумасы, Ауған соғысында шәйіт болған Қызыл Жұлдызды жауынгер Серікбол Оразалиннің аруағына тағзым етуді дәстүрге айналдырғалы қашан. Мұнда жыл сайын волейболдан жарыс өтеді. Онымен қатарласа, қапталдаса «Ақсұңқар жұлдыздары» ән байқауы да шеру тартады. Серікбол Оразалин атындағы волейбол жарысы тоғызыншы мәрте өтті. Оның ұйымдастырушысы, құрылтайшысы да – майдангермен бір сыныпта оқыған белгілі кәсіпкер Серік Қасымбеков. Әр ауылдан ел абыройын асқақтататын осындай бір Серік шықса, Алаштың ажары баяғыда-ақ жайнап кетер еді. «Құзғын бауырына басып жейді, Ақсұңқар шашып жейді» дейді қазақ. Соның бір көрінісі осы Қызыларай топырағынан көзге айқұлақтана шалынды.

Қызыларайдың қалталы азаматтары Нұржан, Әсет Әлімхан Ермеков атындағы сыйлықтар белгіленді.

– Жүлде көп – дейді мені осы елге алып келе жатқан Бекболат бауырым. – Қалкен Мәкенбаев атындағы бір жүлдені мен тапсырғалы келемін.

Қалкен ағаның есімі осындағы еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін етене таныс. Бірнеше жыл осы Ақтоғайда басшы қызмет атқарып, кейін ұзақ жылдар Жезқазған облыстық мәдениет басқармасын басқарған.

Келген бетте аруақтарға Құран бағыштап шықтық. Менің досым Сүндеттің шешесі тоқсанға тұяқ іліктіріп, фәниден бақиға аттаныпты. Сүндеті тірі болғанда, жүзге келер еді. Марқұм мені көрсе, бас сап, көрісіп жылаушы еді. Сүндет елден ерекше жігіт болатын. Гомерден бастап, Әуезовке дейін әлем әдебиетін жастанып оқыған, интеллектуалдық өресі биік азамат еді. «Орнында бар оңалар» деген. Бүгінде осы ауылдың әкімі – Сүндет досымның баласы.

Жарысқа жер-жерден он екі команда келген. Бәрі де шетінен ығай мен сығай.

– Бәрібір Қызыларай озады дейді, – жұрт. – Серікбол Оразалиннің жүлдесін шеттен келген біреу иемденіп кетсе, елдігімізге сын емес пе?!

Бәсеке деген осындай болуы керек. «Менің сиырым бұзаулап, сенің сиырың қысыр қалсын» деген күйкілік пен күндестіктің заманы келмекке кетіп барады... Ел өзгерген.

Нілтай ақсақал бастаған ауыл ағаларымен көрістік. Арқада аты аңызға айналған ер қашайтын Мәймәңнің тұқымы – бұл. Оның ері берісі Қарқаралы, әрісі Абыралы, Шұбартау, Семейге таңсық болған. «Атқа мінген Алаштың жақсысы мен жайсаңы Мәймәңнің ерін қолқалап сұраған» дейді ел.

– Аман ағам қайда? – дегенімше, ол да алдымнан күлімсіреп шыға келді. Менің «Айтыкеңнің аңызы» дейтін өлеңімнің геройы. Шұрқыраса табысып жатырмыз. Ол да – Мәймәңнің бөл баласы. Теміртауда салық саласында қызмет атқаратын, осы дүбірдің қызу ортасында жүрген Дүйсен де осы Мәймәңнің немересі болады. Толқыннан толқын туып, ауыл берекесі теңізге ұласып, кемеліне келіп, кемеріне жетіп қалыпты. Мектептің спорт залындағы екі қабырғаны алған плакатта «Қызыларай Серіктерін мақтан етеді» деген жазу көзге шалынады. Бұл – Теміртаудың «Нұрқазғанынан» келген Бекболат Әмірхановтың тартуы. Қызыларай спортының осы деңгейге жетуіне Бекболаттың інісі Жарқын айрықша еңбек сіңірген. Ауылдастары оны «Жора» дейді. Институт тәмамдап, мектеп оқушыларына:

– Мең, Жарқын Ақылбеков, сендердің мұғалімдерің

боламың, – деп өзін таныстыра бастағанда, балалар шу ете түсіп:

– Сізді білеміз ғой. Сіз Жорасыз ғой! – деген көрінеді. Бір ауыл бір анадан туғандай. Бір-бірін туғаннан біледі. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған.

Менің Оралбек ағамның кенжесі орта мектепті тәмамдағалы жатыр екен.

– Қарағандыға көшпейсің бе?

– Мен кетсем, аруаққа кім дұға бағыштайды?!

Аталы сөз! «Туған жер, өлген мола жібермейді», – деген Абайдың сөзі. Нағыз қазақи мінез ғой – бұл. Сапа молданы алдыға салып, аруақтарға дұға бағыштағанда, Орекеңнің осы сөзі еске түсіп, жүрегім дір ете түскен.

Шылымның қайқаңынан аса бергенде, төбемізден бір топ қарлығаш пыр етіп өте шықты. Есіме Есенғали ақынның өлеңі түскен.

Былай болсын, қарлығаш,

Алты ай өтті, қалқам, сені күткелі,

(Биылғы қыс бітпей қойды-ау, бітпеді)

Сене көрме, Адамзаттың кімде-кім,

Маймыл десе түп-тегі.

Біз туыспыз, сеніменен түбім бір,
Мынау – ағаң, анау сенің інің-дүр.

Құс атасы кесіртке екен дегенге

Мен де иланбаң, шыным – бұл

Қарлығашжан, сен де сенбе, алдайды ел,

Біз үзілсек, әулетті өзің жалғай гөр.

Басқа сөз жоқ, осы-ақ еді айтарым,

Ал тойлай бер, самғай бер!

Басқа жұрт маймылдан жаралса, жаралған шығар, біздің қазақ, меніңше, құстан тараған. Ауған асып, өліне қайта оралған Серікбол Оразалин де – қыран құстың бір әуезаты. Қызыларайға қарлығаштың қанатындай су сепкен Серік Қасымбеков ше?! Ол да – құстың баласы!

Мұхтар Мағауин «Шыңғыс хан» романында Абылай 1777 жылы Құсшы тайпасының біразын Сарыарқаға түп көтере көшіріп әкеліп, шұрайлы қоныс беріп, қазаққа қосқанын айтады (Мағауин М. Шыңғыс хан. – Алматы, 2001. – 335 бет). Қазан төңкерісі қарсаңында Қарқаралыдағы сол Құсшы тайпасы бір мың шаңыраққа жеткен екен.

«Ал манадан бері ұстанған жолымызбен, қазақтағы Құсшы қауымынан кімдер бар десек, XIX ғасырдан өйгілі Шөже ақын, сондай-ақ қазіргі замандағы белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлы Арғын Қаракесек құрамындағы Құсшы табынан болады, ал Төлеңгіт тайпасының құрамындағы Құсшы руынан XX ғасырда жасаған атақты биші Шара шыққан» (Мағауин М. Шыңғыс хан. 335 бет).

Құс затының білгірі Есенғали Раушанов: «Ақсұңқар деген құстың Алашты тастап кеткеніне бірнеше заман болды», – дейді (Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. – Алматы: Жазушы, 2009).

Ақсұңқардың XIX ғасырда осы Ақсұңқарда ұя салғаны – тарихи факт. Менің арғы атам Сүлеймен Қажыкен деген баласымен аң аулап жүріп, Ақсұңқардан Ақсұңқарды көрген де, баласына соның атын қойған. Бұл – 1912 жыл.

Сол құстың баласы менмін!

Ал Есенғалидың айтуына қарағанда, Ақсұңқар солтүстік қиырдағы ормандарда, Ібірі-Сібірден де әріде өмір сүретін көрінеді...■

ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР



Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен бірге жасасып, оның тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ ұмыт болып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріміз де жоқ емес. Ендеше салтымыз санамызда мәңгілік жаңғырып тұруы үшін дәстүр сөйлейді.

Атбайлар (салт). Мұның да екі түрі бар. Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң, ағайын-туыстар оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады. Байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. Мұның аты – «Атбайлар».

«Атбайлардың» екінші түрі – көде. Құда-құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде, олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл – «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы көде беріледі. Ол көдеден тағы бір әйел төбөрік сұрайды.

Аушадияр (дәстүр). Үйлену тойы кезінде айтылатын дәстүрлі өлең, жыр. Және жай өлең емес, өзіндік айтылар әні, ерекше ұлттық тәрбиелік маңызы бар. Көркем шығармашылықпен айтылатын той көркі, салтанат-сән, өнегелі өнер. Мұны іздеп тауып өмірге әкелген жазушы Уахап Қыдырханов екен. Аушадияр жырының үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген. Шынын айту керек, бұл Қазақстан елінде айтылмайды, халық жадынан мүлде шығып кетіп, ұмыт қалған.

Аушадияр үйлену тойы үстінде айтылады. Жыр жаңа қосылған жастарға арналады. Мұнда ақыл, үлгі, өнеге, тәлім-тәрбие туралы толғауды санамалап айтудың халықтық таза бай дәстүрі бар. Ұлтымыздың ұлағатты әдет-салтының бұл түрін өмірге енгізетін болсақ, мәдени қазынамыз да, өнеріміз де өсе түсер еді.

Біз шаншар (салт). Кең-байтақ Қазақстан даласында салт-дәстүрлердің қызықты түрлері көп. Бірақ олар бір-бірінен онша алшақ емес. Соның бірі – «біз шаншар». Еліміздің шығыс, оңтүстік жақтарында «жаушы» орнына осы «біз шаншар» салты қолданылады. Ақсақал-қарасақалы аралас бір топ ер-азамат бойжеткен қызы бар үйге түсе қалады. Қандай шаруамен жүргенін айтпайды, ел шаруасын, амандық білген болып қонақасын ішіп, аттанып кетеді. Әдеп бойынша, ел ішінде бір топ адам бұлай жүрмейді. Олар кеткеннен кейін, отағасы мен анасы қонақтар отырған жерді қарап, одан шаншулы бізді тауып алады. Бұл «бізде ұл, сізде қыз бар, құда болайық» дегенді білдіреді ■

Ғ.Аманованың «Халықтық педагогика – даналық мектебі» кітабынан

Дау

МІНЕЗДЕМЕ МЕ, МІН ІЗДЕУ МЕ?



Білім және ғылым министрлігінің басы тағы да дауға қалды. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың мәліметтер қорындағы жазбалар жұрттың наразылығын туғызуда. Неге десеңіз, бұл қорда жетім балаларды қорлап, кемсітетін мінездемелер жазылған.

Бұл жобаның тұсауы өткен аптада ғана кесілген болатын. Мақсаты – жетім балаларды бірыңғай базасын құрып, оларға қамқорлық көрсету, қорғау. Бірақ түп мақсаты солай болғанымен, жобаның өзі жетімдерді қорлап тұр. Мәселен, жобада кей бүлдіршін топастау, еріншек, салақ, аңғал, қорқақ, сараң, ой-өрісі кеміс, бір сөзбен айтқанда, басы істемейтіндер деп сипатталған.

«Хобби» деген графаға «қолынан еш нәрсе келмейді» деп жазып қойыпты. Деректер қорын дұрыс тексермей, осындай масқаралыққа, кемсітушілікке жол берген Білім және ғылым министрлігі де, жетімдер үйінде балаларды бағып отырған «педагогсмақтар» да кінәлі деп санаймын. Себебі кішкентай бала деп, туған-туысқаны жоқ деп, оның ар-намысына келетін сөздерді бүкіл жұртқа жайып салу – барып тұрған қылмыс. Басқаша атауға да сөзім жоқ», – деп жазды Қуаныш Есқабыл Facebook парақшасында.

Министрдің кеңесшісі Баия Әкімбекова әлеуметтік желілерде дауға қалған ведомствоның атынан ақталып, кемшілікті түзетуге уәде берді. Ал балаларды қорлаған «басы істемейтін» педагогтерге қандай жаза қолданылатыны туралы тіс жармады.

Айта кетейік, бүгінде елімізде жетім не ата-ана қамқорлығынсыз қалған 29666 бала тіркелген. Олардың 8 мыңнан астамы жетімдер үйінде тәрбиеленуде. Алғашқы сатыда жаңа жүйеге дәл осы топтағы балалар енгізілген болатын ■

Билік

СОТТЫ ЖЕҢГЕН СЫМБАТ

Ресейдің Қаржы министрлігі қазақ азаматына 500 мың рубль төлеуге міндеттелді. Қазақстандық Сымбат Оғановты 2005 жылдың желтоқсанында Ресей соты есірткі контрабандасы және заңсыз есірткі айналымы үшін 15 жылға қатаң режимдегі колонияға қамау шешімін шығарған болатын. Бірақ ол жазықсыз болып шықты.

Сотталушының қорғаушысы Раушан Қамалова тергеу барысында қазақ азаматының кейбір тағылған айыптарда кінәсіздігі анықталып, Татарстанның Жоғарғы соты бұл жазаны екі жылға жеңілдеткенін айтуда.

– Республиканың ПД жедел-тергеу тобы келтірген дәлелдер жалған екендігі анықталды. Осылайша 2015 жылдың желтоқсанында Набережночелнинский қалалық соты Оғановтың тек есірткіні «сыбайласына» бергенін анықтады. Және



сол үшін сегіз жылға бас бостандығынан айыру жазасын кесті, – дейді Қамалова.

Осылайша Оғанов істемеген қылмысы үшін 2,5 жыл бойы түрмеде отырған. Ресей тарапы бұл қателігі үшін қазақстандық азаматқа 500 мың рубль (шамамен \$8000) төлейтін болды ■

Жемқорлық

«ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЙЛАҒАН ЕЛДЕ...»



«Сатушысынан премьер-министріне дейін жемқорлық жайлаған елде реформа жүргізуге болмайды». Жер реформасы жөнінде құрылған комиссияның мүшесі, белгілі саясаттанушы Дос Көшім осылай дейді. Аталған комиссияның кезекті отырысында сөз сөйлеген ол дәл қазіргі таңда жерге қатысты реформаны мүлде жүргізуге болмайтынын айтты.


Дос Көшім – комиссия жанынан құрылған жұмыс тобының жетекшісі. Оның пікірінше, қазіргі билік жүйесімен, қазіргі үкіметпен қабылданған

реформаның нәтиже беруі екіталай.

– Реформа жүргізу үшін екі мәселенің басын ашып алғанымыз дұрыс. Алдымен, реформаны халық қабылдауы керек. Халықтың соны түсінетін деңгейі болуы керек. Екіншіден, сол реформаны жасайтын топ болуы керек, ол – үкімет. Менің пікірімше, қазіргі қазақтың менталитеті жерді сатуға болмайды дегенге келеді, шетелдіктерге жалға бермеу дегенге келеді. Мүмкін, елу жылдан кейін өзгертін шығар бұл менталитет. Екінші мәселе – менің өзімнің жеке пікірім: қазіргі билікке ешқандай реформа жасауға рұқсат бермес едім. Теміржол билетін сататын кассасынан бастап премьер-министріне дейін жемқорлық жайлаған елде реформа жасау өте қиын болады. Не болмаса ол реформа өзінің нәтижесін бермейді, – деді ол.

Дос Көшімнің айтуынша, үкіметтің көтеріп отырған бірнеше реформасын кемі 5-6 жылдан кейін ғана жүзеге асыру керек. Өйткені сол кезде билікке жастар келіп, қазіргі коммунистік жүйеде тәрбиеленген шенеуніктердің орнын басады ■

Мәссаған!



ҚЫЗЫЛ АЛАҢДА КИІЗ ҮЙ

«Жібек жолы – 2016» автораллиінің өтуіне байланысты Мәскеудің Қызыл алаңында қазақтың киіз үйі тігілді. Керемет көріністің суретін спорт тілшісі Маркс Бейсебаев Instagram парақшасында жариялады. Сурет астындағы жазбада ол Мәскеудің халықаралық жарысқа дайындалып жатқанын айтқан.

Көліктер жарыс жолына шілде айының сегізі күні шықты. Негізгі бағыт Ресейден басталады да, Қазақстан арқылы өтіп, Қытайда мәреге жетеді. Автопилоттар

барлығы 9 мың шақырым жолды бағындыруы керек. Жарыстың 15 кезеңінің 3-еуі Қазақстан арқылы өтеді. Атап айтқанда, қатысушылар Қостанай, Астана, Балқаш және Алматы қалаларын кесіп өтпек. 16 күнге созылатын ралли Бейжіңде аяқталады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Жібек жолы» әйгілі «Дакар» раллиінен тек атағы жағынан ғана қалып қоюы мүмкін. Ал жарыстың сан алуандығы және қашықтығы «Дакардан» еш кем емес екен ■



– Алмас мырза, «Мұқажан» алдымен бренд болып қалыптасқанымен, қазір бизнес көзіне айналды. Ұлттық нақыштағы бұйымдар да бизнес көзі бола ала ма?

– 6-сыныпты бітіріп, Т.Жүргенов атындағы өнер мектебіне оқуға түстім. Онда сурет салудың әліпбиінен бастап үйретті. Кейіннен Жүргенов атындағы колледжде «көркемсурет», академияда «дизайн» мамандығы бойынша білім алдым. Әкемнен зергерліктің қыр-сырын үйреніп алғандықтан, дизайн саласын меңгергім келді. Колледжде оқып жүргенімде, қазақтың ою-өрнегі сәнде болмаған еді. Ес білгелі көргенім қазақы сипаттағы түрлі ою-өрнектермен әшекейленген бұйымдар болғандықтан, бұл жағдай жаныма қатты батты. Оның үстіне, менің түсінігімдегі көркемдік, әсемдік ұғымы, сөзсіз, оюмен байланысты еді. Әу баста оюмен өрнектелген кез келген туынды сән әлемінің төрінен теуіп тұрып орын алатынын дәлелдегім келсе керек. Студенттік кезімдегі кез келген авторлық жұмысымда қазақылықтың қолтаңбасын

қолданып жүрдім. Бірде әріптес достарыма бұрынғы үлкен ұялы телефондарға арнап қапшық жасап, соны оюмен өрнектейік деген ұсыныс жасадым, бірақ бұл ойым қолдау таппады. Себебі сол кездегі көп дизайнер дамып келе жатқан Қазақстан үшін «ою» тым ескі деген пікірде болатын. Адам – бизнес саласындағы адам. Ол кісінің «сенің бизнес жоспарыңның болашағын тек өзің көре аласың» деген сөзінен кейін «оюмен өрнектелген бұйымдардың болашағын көріп тұрсам, неге кәсібімді бастамасқа» деп нақты жоспар жасап, бұл кәсіпті жүзеге асыруға кірісіп кеттім.

– Брендтің «Мұқажан» аталу себебі неде?

– Атамның есімі – Мұқажан. Ол кісі былғары мен теріден түрлі тұрмысқа қажет бұйымдар жасайтын шебер болған. Атамның қолөнер шеберлігі кейіннен әкем Аман Мұқажанға дарыған. Әкем – зергер. Күміс пен алтыннан түрлі алқа, жүзік, сырға және тағы басқа әйел затына қажет бұйымдар соғады. Алматы маңындағы шеберлер ауылында туып, бала кезімнен осындай шеберлікті

көріп өстім. Мұндағы азаматтар қамшы өреді, ер-тоқым жасайды, киіз үйдің түр-түрін тігеді. Шеберлік атам Мұқажаннан басталғаннан кейін, көп ойланбастан кәсібіме «Мұқажан» деген атау бердім.

– Бизнесіңізге кім демеушілік көрсетті?

– Бастапқыда әкемнің шеберханасында жасалған бұйымдарды сыртқа сатып, қаражат тауып жүргенмін. Содан анам: «Кәсіппен айналысуыңа барлық жағдай жасалған. Шеберхана бар, сатуға дайын бұйымдар әкеңнің еңбегімен жасалып жатыр. Сенікі – тек сату, кәсіп емес», – деді. Ойлана келе, жеңілдің үстімен жүрген кәсіпкер екенімді түсіндім. Сөйтіп, сыртта бөлек жұмыс жасап, кәсіп бастауға қаражат жинауға көштім. Екі жыл көлемінде фотограф болып қызмет еттім. «Мұқажан-студия» деген атпен суретке түсіріп



жүрдім. Екі жылда біраз қаражат жинап, кәсібімді бастап кеттім. Сөйтіп, бұл бизнестің инвесторы «Мұқажан-студия» болды.

– Қазір «Мұқажанның» бұйымдары еліміздің қай қалаларында сатылуда?

– Алғашқыда Алматыда бастадық. Кейіннен Астана, Ақтау қалаларының ойын-сауық орталарынан дүкен ашуға мүмкіндік туды. Мақсатымыз – еліміздің 14 облысының барлық ірі қаласын қамту. Бұл мақсаттың

Өз
сөзім

“ 6-сыныпты бітіріп, Т.Жүргенов атындағы өнер мектебіне оқуға түстім. Онда сурет салудың әліпбиінен бастап үйретті ■

Атамның есімі – Мұқажан. Ол кісі былғары мен теріден түрлі тұрмысқа қажет бұйымдар жасайтын шебер болған. Атамның қолөнер шеберлігі кейіннен әкем Аман Мұқажанға дарыған. Әкем – зергер ■

”

“ Алғашқыда Алматыда бастадық. Кейіннен Астана, Ақтау қалаларының ойын-сауық орталарынан дүкен ашуға мүмкіндік туды. Мақсатымыз – еліміздің 14 облысының барлық ірі қаласын қамту ■

жүзеге асуына бірқатар кедергі бар. Сол мәселелерді реттеп алған соң, құлашымызды кеңге жаярмыз.

– Қандай кедергі? Жалпы, елімізде кәсіпкерлікпен айналысу қиын ба?

– «Мұқажанның» өніміне әр қаладан сұраныс түсіп жатыр. Бірақ барлық қаланың сұранысын қамтуға бізде мүмкіндік бола бермейді. Мәселен, цехта жұмыс жасаймыз, зауыт жоқ. Жұмыс күшіне жұмылдыратын қызметкерлер саны аз. Оның үстіне, санға емес, сапаға жұмыс істейміз. Сұраныс көп екен деп, қаптатып өнім шығара бергім келмейді. Тұтынушыларға баппен, байыппен сапалы дүние ұсынғым келеді. Бұл мақсатымнан тайған емеспін. «Мұқажанның» кәсіп ретінде басталғанына 4 жылдан асты. Осы уақытта еліміздің тек үш қаласынан дүкен аштық. Сонда да ешқайда асықпаймыз.

– Ал былғарыны қай жақтан аласыздар?

– «Мұқажан» өнімдерінің сапалы болуының басты себебі – сапалы былғары таңдалады. Егер елімізде сапасы жоғары былғары дайындайтын зауыт болса, еш ойланбастан отандық өнімді тұтынар едік. Өкінішке қарай, Қазақстанда сапалы былғары табу қиын. Сол себепті көршілес Қытай елінен былғары жеткізуге тура келеді. Әлі күнге дейін ол елдегі әріптестерімізбен байланыс бар. Олардан үйренгеніміз де жетерлік.

– Цехта қанша адам қызмет етеді?

– Негізінен, 5 адам жұмыс жасайды. Бірақ жұмыс көлеміне қарай кейде қосымша жұмысшылар шақырамыз.

– Ұлттық нақыштағы бұйымдарға сұраныс көп пе?

– Әу баста «мұндай бұйымдарды тек шетелден келетін туристер естелік үшін ғана алады» деген пікірлер айтылды. Шетелдіктердің ұлттық нақыштағы бұйымдарға аңсары ауатыны жасырын емес. Бірақ мұндай әсем дүниелерге тек қазақтардың емес, жалпы, қазақстандықтардың сұранысы жоғары. Әйтпесе «Мұқажан» бренд болар ма еді?

– Десекте, мұндай бұйымдарды бизнес көзіне айналдыру оңай емес қой...

– Рас, ұлттық нақыштағы бұйымдарды нарыққа шығару, тұтынушылардың оған деген сұранысын арттыру оңай емес. Бірақ менің жүрегім оюдан жаратылған. Кез келген кәсібімнің көркіне әр беретін



ұлттық ою-өрнектер секілді. Бұл бизнестен бас тартуды ешқашан ойлаған емеспін. Себебі ұлттық бұйымдарды халыққа ұсынудың ебін тапсақ, мұндай дүниелердің әрдайым сән әлемінің төрінде тұруға хақысы бар екенін дәлелдегім келеді.

– Ал дизайнымен кім жұмыс істейді?

– Бүгінге дейін шығарылған өнімдердің дизайнын өзім сызып келдім. Яғни сөмке, әмиян, кілт яки визитка, ұялы телефон салатын қапшықтар, белдік, қолғап сынды дүниелердің дизайны өзімдікі. Бірақ алдағы уақытта «Мұқажан» басқа тауар түрлерін шығаруды жоспарлауда. Осыған байланысты басқа дизайнерлермен бірігіп жұмыс істеуге тура келді.

– Басқа қандай тауар түрлерін шығару ойда бар?

– Алдағы уақытта ерлер мен



Айдана НҰРМҰХАН

әйелдерге арналған ұлттық нақыштағы заманауи киімдер шығаруды жоспарлап отырмыз. Біздің әлеуметтік желілердегі парақшаларда тұтынушылар «Мұқажанның» өнімдеріне қатысты түрлі пікірлер мен ұсыныстар айтып жатады. Солардың барлығын ескеріп, мақсатты аудиторияның сұранысын зерттеп отырамыз. Тұтынушылардың бірқатары «неге киім шығармайсыздар?» деген сауалды үнемі қойып келеді. Биыл осы мәселеге назар аударып, біршама тауар түрін шығаруды жөн санадық. Бұдан бөлек, әйелдерге арналған ұлттық нақыштағы бұйымдар шығаруды жоспарлап отырмыз. Бізден жаңалық күтіңіздер.

– Жылдық табысыңыз қанша?

– Әзірге жылдық табысымыз жаман емес. Барлық шығын ақталады. Қазіргі құбылмалы нарықта компанияны құлдыратып алмай, ұстап қалудың өзі – үлкен жұмыс. Бастысы, жылға бекітілген жоспар өз қарқынымен жүзеге асып келеді.

– Бизнесің жылдам дамуы үшін неге басқа инвесторлардың көмегіне жүгінбеске?

– «Мұқажан» 4 жыл бұрын кәсіп ретінде басталғанымен, соңғы 2 жылда бренд ретінде қалыптасып, тұтынушылардың үлкен сұранысына ие болды. Осыдан кейін үлкен бизнеспен айналысып жүрген аға-көкелерімізден «бұл кәсіпті бірлесе дамытайық» деген ұсыныстар түсе бастады. Әу баста тек өзім бастағаннан кейін, барлық қиыншылығын бастан өткергеннен кейін, бұл кәсіпке қиянат жасағым келмейді. Оның үстіне, ұлттық нақыштағы бұйымдардың нәзіктігін сол бизнесмен түсінсе жақсы.

Тек қомақты қаражатты көздейтіндер мұндай дүниелердің қадірін жіті түсіне бермейді. Сол себепті көп пайда таппасам да, байыппен өзім айналыса бергенім дұрыс та шығар деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет! Іске сәт! ■

«Мұқажанның» өніміне әр қаладан сұраныс түсіп жатыр. Бірақ барлық қаланың сұранысын қамтуға бізде мүмкіндік бола бермейді ■



Бүгінге дейін шығарылған өнімдердің дизайнын өзім сызып келдім. Яғни сөмке, әмиян, кілт яки визитка, ұялы телефон салатын қапшықтар, белдік, қолғап сынды дүниелердің дизайны өзімдікі ■

Әзірге жылдық табысымыз жаман емес. Барлық шығын ақталады ■



«Мұқажан» 4 жыл бұрын кәсіп ретінде басталғанымен, соңғы 2 жылда бренд ретінде қалыптасып, тұтынушылардың үлкен сұранысына ие болды ■

ҰШАҚТА ВАГОН БОЛСА

Швейцарияның Лозанна қаласындағы Федералды политехникалық мектептің зерттеушілері теміржол вагоны мен ұшақты біріктіруді ұсынды. Концепт «Clip-Air» деп аталған. Зерттеушілердің бағалауынша, егер бұл жоба жүзеге асса, ұшу кезінде жолаушылардың ауысып отыруы азаяр еді, такси мен пойыздың да көмегіне жүгінушілер азаяр еді.

Ғалымдардың айтуынша, жоба тиісті қаржыландыруға ие болса, шамамен 50 жылда жүзеге асуы мүмкін. Швейцариялықтар алдағы 5-6 жылда жеке бизнес джетке сәйкес көлемде вагон мен тасымалдаушы ұшақтың прототипін жасап шығаратын «Clip-Air» бірлестігін құрып үлгерді. Вагон прототипі 150 жолаушыға дейін тасымалдай алады.

«Clip-Air» болашақта вагондар мен автобустардың ұшақ корпусы түрінде жасалатынын болжап отыр. Мұндай вагонның әрқайсысы 450 жолаушы немесе 30 тоннаға дейін жүк тасымалдай алады және оларда бекіту жүйесі болады. Әуежайға келген соң олар арнайы тасымалдаушы-ұшаққа тіркеледі.

Болашақта капсулалар әуежай терминалының бір бөлігі болуы мүмкін. Ұшақ келмей тұрып, капсулаға жүктерді тиіп, жолаушыларды жайғастырады. Ұшақ әуежайға келгенде, арнайы кран жолаушы толы капсуланы ұшақтан алып, орнына жаңа капсуланы қояды. Осыдан кейін ұшақ жерге қонбастан, қайта ұшып кете алады. Осылайша уақыт үнемделеді әрі ұшақтың жердегі уақытын айтарлықтай қысқартуға болады ■



БАЯҒЫ БАС, ӘШЕКЕЙЛІ ТІС

«Мексикадағы ежелгі Теотиуакан қаласының маңына қазба жұмыстарын жүргізу кезінде археологтер тістері минералды тастармен әшекейленген әйел бас сүйегін тапты», – деп хабарлайды mir24.tv.



Зерттеушілердің айтуынша, бұл олжа майя өркениеті өкілдерінің тіс протездеуді жақсы білгенін айғақтайды. Бас сүйектің астыңғы жағынан серпентин тасынан дайындалған тіс протезі табылған. Алдыңғы екі тісіне дөңгелек формадағы

пирит тасы орнатылған. Бұл минерал құрамында темір өте көп. Тастардың сәндік қызмет атқаруы да мүмкін.

Археологтердің болжауынша, бас сүйек әйел адамдікі және ол шамамен 40 жасында қайтыс болған ■

БҰЛ ЖЫЛ БІР СЕКУНДҚА ҰЗАРАДЫ



31 желтоқсан күні түнде сағат тілі бір секундқа алға жылжытылады. Сағат 23:59:59 UTC бойынша 23:59:60-қа өзгертіліп, содан кейін ғана 2017 Жаңа жыл кіреді.

Қосымша секунд туралы АҚШ-тың Әскери-теңіз обсерваториясының баспасөз хабарламасында жария етілді. Мұндай қосымша секундтар Жердің айналу жылдамдығы баяулауына орай жиі қосылады.

Есептеулерге сенсек, уақыт санауды түзетіп отыру үшін күніне 1,2 миллисекунд жиналып қалады.

Негізі, артық секундты қосу 30 маусымда немесе 31 желтоқсанда жүзеге асырылады. Қосымша секунд соңғы рет былтыр жазда енгізілді.

Кей жағдайда уақыт сәйкестендіруде ақау шығып, серверлерде қателік туындап, рейстер кешіктіріліп жатады ■

АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ

Мекенжайы:
Қарағанды қаласы,
Пичугин көшесі, 259-үй
Байланыс телефоны:
8(7212)47-50-69

Арқа
Академиясы
аймақтық қоғамдық-саяси газет
Айына 4 рет шығады
Меншік иесі:
«Кент» Баспа үйі» ЖШС
Директор:
Умуджан БЕКИМОВА
Директор орынбасары:
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:
Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ
Тілшілер қосынының жетекшісі:
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
Компьютер орталығының жетекшісі:
Алена МЕДВЕДЕВА
Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,
44/2; 312-кеңсе
Байланыс телефоны:
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34
Электронды пошта:
akshamy@mail.ru
Таралымы:
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.
Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй